

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Біржан сал ауданы Заурал ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 22 маусымдағы № 5 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 маусымда № 28573 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Біржан сал ауданы Заурал ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 22 қыркүйектегі № 7 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Біржан сал ауданы Заурал ауылдық округі әкімінің 22.09.2022 № 7 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1-бабының 7 ) тармақшасына сәйкес, Біржан сал ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2022 жылғы 13 маусымдағы № 01-23-250 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Ақмола облысы Біржан сал ауданы Заурал ауылдық округінің Құдықағаш ауылының аумағында ірі қара малдың жұқпалы ринотрахеит ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Заурал ауылдық  
округінің әкімі*

*Р.Абдикенов*